2022-2023 оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2022 ж 30.09. №412 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) 8-қосымша 1-4 кластар үшін; 13-қосымша 5-9 кластар үшін төмендетілген оқу жүктемесімен педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып жұмыс оқу жоспары әзірленді.

1-4 кластар үшін оқу жоспары ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығының 8-қосымшасы негізінде құрылған. Оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесіндегі апталық, жылдық жүктемелері нақты сақталған. Білім салалары және оқу пәндері талапқа сәйкес өзгеріссіз алынған.

Вариативтік компонент сағаттары:

Таңдау бойынша сабақтарға 1-3 кластарға «Логика әлемі» аптасына 1 сағаттан, 4 класқа «Қызықты математика» аптасына 1 сағаттан оқушылардың математикаға деген қызығушылығын арттыру, пәндік білімдерін тереңдетіп, ақыл-ойын, логикалық ойлау қабілеттерін қалыптастыру мақсатында таңдалып алынған.

«Дене шынықтыру: спорттық ойындар (қозғалыс ойындар) аптасына 1 сағат алынған.

5-9 кластар үшін ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығының 13-қосымшасы негізінде құрылған. Оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесіндегі апталық, жылдық жүктемелері нақты сақталған. Білім салалары және оқу пәндері талапқа сәйкес өзгеріссіз алынған.

Вариативтік компоненттік бөлімнен жаһандық құзыреттілік курстарына 5-8 сыныптарға аптасына 0,5 сағат, 9 сыныпқа аптасына 1 сағат таңдалған.

Инвариантты компоненттен таңдау бойынша пәндер 7-9 кластардың әрқайсысына аптасына 3 сағаттан алгебра, география, биология, химия, информатика пәндері таңдалынған. Дене шынықтыру: спорттық ойындар аптасына 1 сағат алынған.

2023-2024 оқу жылы

2023 - 2024 оқу жылында контингент 1-4, 5-6, 8-9 сыныпта класс жиынтығында – 82 оқушы, ал мектепалды даярлық бойынша – 11 білім алушы оқыды. 7, 10-11 сыныптар жоқ.

2023-2024 оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бастауыш, негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарының (ҚР ОА министрінің 2022 ж 30.09. №412 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) 11-қосымша 1-4 кластар үшін; 16-қосымша 5-9 кластар үшін төмендетілген оқу жүктемесімен педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып жұмыс оқу жоспары әзірленді.

1-4 кластар үшін оқу жоспары ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығының 8-қосымшасы негізінде құрылған. Оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесіндегі апталық, жылдық жүктемелері нақты сақталған. Білім салалары және оқу пәндері талапқа сәйкес өзгеріссіз алынған.

Вариативтік компонент сағаттары:

Таңдау бойынша сабақтарға 1 класқа «Көркем жазу» аптасына 1 сағат оқушылардың жазу үлгісін түзету мақсатында, 1-3 кластарға «Логика әлемі» аптасына 1 сағаттан, 4 класқа «Қызықты математика» аптасына 1 сағаттан оқушылардың математикаға деген қызығушылығын арттыру, пәндік білімдерін тереңдетіп, ақыл-ойын, логикалық ойлау қабілеттерін қалыптастыру мақсатында таңдалып алынған.

«Дене шынықтыру: спорттық ойындар (қозғалыс ойындар) аптасына 1 сағат алынған.

5-9 кластар үшін ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығының 13-қосымшасы негізінде құрылған. Оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесіндегі апталық, жылдық жүктемелері нақты сақталған. Білім салалары және оқу пәндері талапқа сәйкес өзгеріссіз алынған.

Вариативтік компоненттік бөлімнен жаһандық құзыреттілік курстарына 5-8 сыныптарға аптасына 0,5 сағат, 9 сыныпқа аптасына 1 сағат таңдалған.

Инвариантты компоненттен таңдау бойынша пәндер 8-9 кластардың әрқайсысына аптасына 2 сағаттан география, биология және қазақ тілі мен алгебра пәндері таңдалынған. Дене шынықтыру: спорттық ойындар аптасына 1 сағат алынған.

Жалпы қорытынды: Жалпы 2020-2023жж аралығындағы 3 жылдық оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген. Оқу жоспары жыл сайын педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен бекітіліп отырған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттары электронды «kyndelik.kz» журналына салынған. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталынған. Мектептің сабақ кестесі міндетті және факультативтік сабақтар үшін жеке жасалған. Сабақ кестесінде оқушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің нормативі сақталған. Бір үлкен үзілістің орнына екінші және төртінші сабақтан кейін әрқайсысы 15 минуттан екі үзіліс қойылған.

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӘНДЕР БОЙЫНША ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА СӘЙКЕС ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАТЫН ОҚУ ПӘНДЕРІНІҢ БАЗАЛЫҚ МАЗМҰНЫН ИГЕРУ

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында 1-11 сыныптардағы оқыту ҚР Білім және ғылым министрінің 2013жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен (өзгерістері мен толықтыруларымен) бекітілген «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламалары» сәйкес үлгілік оқу бағдарламалары арқылы жүзеге асырылды.

Соңғы 3 оқу жылындағы инвариантты компонент пәндері бойынша жалпы білім беру бағдарламалары, оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, теориялық және практикалық сабақтары үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жасалынып, мектеп директорымен бекітілген.

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары инвариантты компонент пәндері бойынша жалпы білім беру бағдарламалары, оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, электронды форматтағы «kundelik.kz» журналына салынған. 2023-2024 оқу жылындағы инвариантты компонент пәндері бойынша жалпы білім беру бағдарламалары, оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, bilimklass.kz журналына қыркүйек айы бойынша салынды.

Мұғалімдердің мемлекеттік стандарттың орындалуы бойынша оқу бағдарламасын күнтізбелік-тақырыптық, сабақ жоспарын, kundelik.kz журналын тексергенде, нормативтен ауытқушылық болмағаны анықталды. Оқу бағдарламасы талапқа сәйкес орындалған. Жұмыс оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесі барлық класта нақты сақталған.

2021-2022 оқу жылы

1-4 сыныптардың білім алушылары жаңартылған білім мазмұны бойынша оқытылған.

2021-2022 оқу жылында *барлық 1-11 кластарында* күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын құруда ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына енгізілген өзгерістермен және толықтырулары бойынша 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламалары негізге алынған.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары бойынша барлық пәндердің оқу бағдарламалары негізінде күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары жасалынған.

Оқу бағдарламасы нормаға сәйкес орындалған. **Kundelik.kz журналында тақырыптар жазылған, бағалары қойылған, үй тапсырмалары берілген.**

5-9-сыныптарда оқу процесі «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын

бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы) негізінде жүзеге асырылған.

10-11-сыныпта күнтізбелік-тақырыптық жоспар «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығы (өзгерістермен және толықтыруларымен 2020 жылғы 27 қарашадағы №496 бұйрық) негізінде оқытылған.

2022 -2023 оқу жылы

2022-2023 оқу жылы бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары; «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы негізінде ұзақ мерзімді жоспарлары (әдістемелік отырыста) талданып өзгерістер енгізілген.

Өзін-өзі бағалау барысында жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары **kundelik.kz-те** толтырылуы тексерілді. Сабақ кестесімен сәйкес келеді.

Жалпы қорытынды:

Оқу бағдарламасына сәйкес өткізілген сабақтар электронды форматтағы «KYNDELİK.KZ» журналдарға енгізілген. Оқу бағдарламалары жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес келеді.

4.3. білім алушыларың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;

2021-2022 оқу жылындағы тәрбие жұмысының өзекті мәселесі: «Рухани-адамгершілік құндылықтарын арттыру арқылы оқушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру»

Тәрбие жұмысының мақсаты:

- Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін-өздері танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау.
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асыруды ұйымдастыру;
- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жұмыс жүргізу;
- Мектеп оқушыларының Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында балалар мен оқушы жастарды тәрбиелеудің идеологиясы мен стратегиясын анықтау.

2021-2022 оқу жылының тәрбие бағыты бойынша атқарылатын жұмыстардың жоспары «Рухани жаңғыру: Болашаққа бағдар» бағдарламасының тәрбие тұжырымдамалық негізінде жасалды. Аталған жұмыс жоспарына сай 1-қыркүйек - білім күніне арналған "Тәуелсіздік жетістіктері" тақырыбында тәрбие сағаттары 2-11-класс оқушыларына арналып өткізілді. Бұл сабақтың мақсаты – ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай еліміздің 30 жылда қол жеткізген жетістіктерін өскелең ұрпаққа түсіндіру, патриоттық тәрбие беру. Мектеп табалдырығын алғаш аттағалы тұрған 1-класс оқушылары үшін "Кел, балалар, оқылық!" атты салтанатты жиын мектеп ауласында санитарлық

нормаларды сақтай отырып ұйымдастырылды. Салтанатты жиынның ең негізгі сәті – бүлдіршіндерге «Әліппе» оқулығын табыстау сәті болды.

2021-2022 оқу жылында тәрбие тұжырымдамасының 8 бағыты бойынша жұмыстар тиісінше жүргізіліп отырылды. Жұмыс жоспарына сәйкес **ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ** бағыты бойынша «Тәуелсіздік жетістіктері» сабақтарынан басқа «Семей ядролық полигонының жабылуына – 30 жыл», «Ата заң – Қазақстанның тұрақтылығы мен гүлденуінің негізі», «Экстремизм мен терроризмге жол жоқ!», «Тәуелсіз ел патриоты (Жайдарман)», ҚР Тұңғыш Президенті күніне арналған іс-шаралар мен «Тәуелсіз елім тірегім» тақырыбы аясында ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған іс шаралар, «Тәуелсіздік – ел тірегі» мерекелік салтанатты жиын өтті. Аталған іс-шаралардың мақсаты – балаларға патриоттық тәрбие берумен қатар, құқықтық сауаттылыққа баулы болды.

Оқу жылының екінші жартыжылдығында 5-11-класстар арасында «Құқықтық сана – қауымға пана» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. «Адал ұрпақ» клубы мүшелерімен бірге «Шынайы және сатылмайтын еңбек» тақырыбында оқушылармен әңгіме жүргізіліп, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікке шақыратын пікірсайыстар ұйымдастырылды. Сонымен қатар, оқушылар арасында «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР заңдарын таныстыру мақсатында сынып сағаты ұйымдастырылды. Сабакты құқық негіздері пәні мұғалімі Бегентаева Р.К. жүргізді.

9 мамыр – Ұлы Жеңіс күніне арналған «Жас патриот» сайысы «Айбын» патриоттық клубы жетекшісімен бірге ұйымдастырылды. Аталған шаралардың барлығы балалардың бойында патриоттық сезімнің қалыптасып, еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін, өз құқығын біліп, өзгенің құқығына құрметпен қарайтын азаматтық ұстанымын нығайту мақсатында ұйымдастырылды.

Сондай-ақ, балаларға патриоттық тәрбие беру мақсатында мектеп түлектерімен кездесу ұйымдастырылды. Кездесуге Отан алдындағы борышын абыроймен өтеп келіп, бірі әскери салада, бірі мамандығы бойынша кен байыту ісімен еңбек етіп жүрген мектеп түлектері Малайдаров Әскербек пен Мұратбаев Ұласқан шақырылды. Кездесуде 8-9-класс ер балаларына патриотизм туралы, тәртіп пен жауапкершілік, еңбекқорлық пен мейірімділік, намыс пен адалдық туралы әңгіме жүргізілді. Мамандық таңдаудағы кәсіптік бағдар мәселелері бойынша да түсіндірілді. Шараны директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ақынтаева М.Б. мен «Айбын» ПК жетекшісі Есиркепов Қ.Ж. ұйымдастырып, білім алушыларды өзінен кейінгі оқушыларға үлгі бола білуге шақырды.

РУХАНИ-ТАНЫМДЫҚ, АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ бағыты бойынша «Қоғамға қызмет» әлеуметтік жобасы аясында «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылды. «Қарттар күніне», «Ұстаздар күніне» орай ұйымдастырылған іс-шараларда балаларды үлкенді құрметтеп, кішіге ізет көрсетуге, ұстаздардың берген білімін ақтай білуге тәрбиелеу мақсаты көзделді. Дина Нұрпейісованың туғанына 160 жыл тақырыбындағы тәрбие сағаты 5 сыныпта ұйымдастырылды. «Қош келдің, Жаңа жыл!» атты мерекелік шара эпидахуалға байланысты әр кластың өзінде тәрбие сағаты ретінде ұйымдастырылса, әлеуметтік мәртебеге ие отбасы балаларына арналған сыйлықтар шағын мерекелік шара аясында, мектеп фойесінде безендірілген шырша жанында табысталды.

Аталған бағыт аясында Хромтау аудандық білім бөлімінің хатына сай «Толеранттылық – әлемге жол!» атты апталық ұйымдастырылып, апталық жоспарына сай тақырыптық тәрбие сағаттары мен дөңгелек үстелдер, сурет көрмелері т.б. шаралар өтті.

Мектеп кітапханасында белгілі жазушы Ақселеу Сейдімбектің туғанына – 80 жыл толуына арналған әдеби кеш ұйымдастырылып, мектеп фойесінде «Мейірбандық – адамның барлық адамгершілігіне түрткі болатын негіз» атты кітап көрмесі жасалды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқушылар арасында «Кітап оқу сәні» айдарымен «Оқу сағаттары» аға тәлімгермен бірге жүргізілді. Сонымен қатар, «Отбасымен қосылып оқу» мақсатында балаларды кітап оқуға баулуға арналған шараға ата-аналар да қатыстырылды.

Оқу жылы басталған тұста акция ретінде жүргізілген «Жол ережесін білеміз бе?» атты оқушылардың жолда жүру ережелерін білуге арналған сайыс пен сынып сағаттары оқу жылының 4-тоқсанында да өткізіліп, оқушыларға көшеде жүру ережелері, жол ережесін сақтау шаралары түсіндірілді.

Мамыр айында жоспарланған «Қайырымдылық – жасампаз күш!» атты эссе жазу шарасы мамыр айындағы мерекелік шаралармен қоса аудандық ББ тарапынан ұсынылған іс-шараларға байланысты жазылмады. Дегенмен, класс жетекшілері мен әлеуметтік педагог тарапынан балалармен қайырымдылық тақырыбында әңгімелер жүргізілді.

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ бағытында «Туған тілім – тірлігімнің айғағы» атты тіл айлығы аясында тәрбие сағаттары мен сыныптан тыс шаралар балаларды Ана тілін құрметтеп, өзге тілді білуге үйретуге бағытталды. Сонымен қатар, Ы.Алтынсариннің туғанына – 180 жыл толуына орай ұйымдастырылған «**Даланың дара ұстазы**» атты шарада 2-класс оқушылары қазақ халқының алғашқы ұстазы Ыбырай Алтынсариннің өнегелі өлеңдерінен үлгі ала отырып, ақынның өлеңдерін жатқа оқыды. «Ата-бабамыздың мұрасын сақтаймыз!» атты экскурсия сабағында балалар мектеп мұражайындағы экспонаттармен танысты.

1-класс оқушыларының «Қош бол, құтты Әліппем!» атты әліппемен қоштасуға арналған ертеңгілігі де сынып ішінде өтті. Балалар Әліппе оқулығынан үйренген білімдерін әртүрлі ойын түріндегі шаралармен көрсетіп, әліппемен қоштасты.

Қазақ ғалымы, публицист, түркітанушы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына арналған іс-шаралар жыл барысында қыркүйек айындағы «Тіл айлығы» аясында ұйымдастырылса, оқу жылының екінші жартысында да 9-10-класстарда сынып сағаттары ретінде өткізіліп, тіл білімінің негізін қалаған көрнекті қайраткер ретінде рухани мұрасы насихатталды.

«Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасымен таныстыруға арналған сынып сағаты 7-класста ұйымдастырылып, балаларға елімізге танымал тұлғалар, олардың еңбегі мен жеке тұлға ретінде танымал болуына ықпал еткен жаңалықтары, өнертабыстары туралы айтылып, бейнероликтер көрсетілді.

«Ұлттық құндылықтар – тәрбиенің түп қазығы» тақырыбындағы шаралар Наурыз айының 1-інен бастау алды. Өйткені, «Алғыс айту» күнімен басталған шаралар наурыз айында ұлттық құндылықтарымызды насихаттауға арналған тәрбие сағаттарымен жалғасын тапты. «туған өлкенің тарихы» атты тәрбие сағатын 6-класс жетекшісі ұйымдастырып, балаларға Қазақстанның киелі жерлері тарихы мен өз өңіріміздегі әртүрлі ескерткіштер мен тарихи орындар туралы аңыздар, әңгімелер айтылды. Балалар да туған өлкесі туралы үлкендерден естіген аңыздарын айтып, сабаққа белсенді қатысты.

Наурыз мерекесі – наурыз айының 1-інен бастап әртүрлі атау берілген күндер ретінде атап өтілді. Соның ішіндегі «<BAUIRSAQ PARTY» мен көрісу күнінде жасалған ақ дастарханға мектеп әкімшілігі мүшелері мен класс жетекшілер атсалысып, балалар ұлттық тағамдардан дәм татты.

22 Наурыз – Ұлыстың ұлы күніне арналған мектепшілік мерекелік шара кең ауқымда тойланып, ата-аналардың толық қатысуы қамтамасыз етілді:

2021-2022 оқу жылының 19 наурызы күні ұйымдастырылған «Салт-дәстүрі жараса, Наурыз келді жаңаша» атты мектебіміздегі Наурыз мейрамын тойлауға арналған іс-шаралар 2 бөлімнен құралды. Шара барысында Салт-дәстүрді дәріптеу мақсатында 1-11-сынып арасында әр класқа ауыл атаулары беріліп, 1-бөлімде ауылды қазақы нақышта безендіруі бойынша сайысқа түсті. Өділқазылар әр ауылдың ұлттық үлгідегі безендіруін бағалады.

2-бөлімінде Салт-дәстүрді дәріптеу мақсатында 1-11-сынып арасында «Ерулік», «Шаш сипатар», «Біз шанышар», «Селт еткізер», «Ұйқыашар» сынды ұмыт қалған дәстүрлермен қатар қазіргі таңдағы тойланатын салт-дәстүрлер де сахналанып, сайысқа түсті.

Жұмыс жоспарындағы «Табиғатты аяла» атты сенбілікке негізінен «Қоғамға қызмет» волонтерлік топ мүшелері қатысты. Олар мектеп ауласы мен ауылдағы саябақты қоқыстан арылтып, жас талдарға күтім жасады.

Мектеп мұражайы меңгерушісі тарапынан «Шеберлер ауылы: ата-бабамыздың мұрасын сақтаймыз!» атты шеберлік сағаты ұйымдастырылып, онда балалар ұлттық өнеріміз бен тұрмыс-тіршіліктегі әртүрлі бұйымдарды, тағамдарды өздері жасап көріп, тәжірибе жинақтады.

ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ бағытындағы шаралар қыркүйек айындағы «Отбасы күнін» мерекелеуге арналған «Отбасы – бақыт мекені» апталығымен басталды. Апталық аясында тақырыптық тәрбие сағаттары мен «Бақытты отбасының баласымын!» атты сурет көрмесі 5-6-кластар арасында ұйымдастырылды. Сонымен қатар, балалар «Менің отбасымдағы орным» атты эссе жазып, отбасы мен өзінің қарым-қатынасы, туыстық қатынастар туралы айтты.

Бала тәрбиесіндегі отбасы рөлін көтеру мақсатында «Әкелер мектебі» құрылды. Бұл мектепті құру барысында қиындық тудырған мәселелер де болды. Ол әкелердің үнемі жұмыста боламыз деп селқостық танытуы болса, кейбір әкелер мектепке тек қана баланың анасы баратынын айтып, бас тартуы болды. Дегенмен, аталған мектеп құрамы 5 мүшемен құрылып, жұмыс жоспары бекітілді. Әкелермен бірлескен жұмыстың алғашқы отырысы өтті. Одан кейінгі іс-шара әртүрлі жағдайға байланысты өткізілуі кейінге қалдырылды.

«Ұлттың дәстүрі – отбасынан бастау алады» атты сұхбат оқушылар арасында өтті. Оны ұйымдастырған өзін-өзі басқару ұйымының «Ақпарат» фракциясы болды.

Ата-аналарға арналған «Баламен қалай сенімді қатынас орнатуға болады?» атты психологиялық тренинг орнына ата-аналарға аталған сауалға жауап беретін жадынамалар таратылды.

«Отбасылық өмір этикасы» атты ата-аналармен кездесуді мектеп директоры мен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары ұйымдастырып, ата-аналармен жеке кездесулер өткізілді. Кездесуге алдыңғы кезекте мектептегі қолайсыз отбасы балалары мен жетім балалардың ата-аналары (қамқоршысы), өгей әкемен тәрбиеленіп жатқан балалардың аналары шақырылып, балалардың қауіпсіздігі мен қыз бала тәрбиесі, баланың әлеуметтік жәй-күйі туралы сұхбат жүргізілді.

«Менің отбасымдағы орным» атты эссе/сауалнама тіл мамандары мен мектеп психологі тарапынан жүргізілді. 8 наурыз – халықаралық әйелдер күніне арналған шаралар да отбасының ынтымақтастығын нығайтуға, бала мен ата-ана арасындағы оң қарым-қатынасты арттыруға бағытталды. Сонымен қатар, аталған мерекеге орай «Көктем аруы» байқауы мен сынып сағаттары ұйымдастырылды.

«Әкем – асқар тауым» атты ашық сынып сағатына 2-класстың оқушыларының әкелері толық қатыса алмағанымен, қатысқан әкелердің көмегімен әкенің отбасындағы орны туралы түсіндірілді. 4-класс оқушыларының орта буынға қадам басуына арналған «Бастауышым – бал-бұлағым!» атты қоштасу кеші жоғары деңгейде өтті.

ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ бағытында мектебімізде құрылған «Қоғамға қызмет» еріктілері де экологиялық тәрбие беруде белсенділік танытты.

«Біз экономика туралы не білеміз?» атты тәрбие сағаттары «Үнем – қоғам қуаты» жобасы аясында балаларға әр нәрсені үнемдей білу туралы тәрбие беруге бағытталды. Жыл сайын дәстүрге айналған «Алтын күз» атты тәрбие сағаттары да еңбек тақырыбы мен экология мәселесіне арналды. Сондай-ақ, «Алтын күз» кеші онлайн өткізіліп, «Күз ханзадасы мен Күз ханшайымы» лайк саны арқылы анықталды.

9-класс оқушылары экокелленджге қатысып, экологияның тазарып, жақсаруына өз үлестерін қосты.

«Іскерлік қарым қатынас этикасы» тақырыбындағы тәрбие сағатында балалар қарым қатынас түрлерімен танысып, әскерліктің қыр-сырлары туралы ақпарат алды. Балаларға іскерлік әлеміндегі өзекті мәселелер туралы мәлімет берілді. «Жарнама жасау өнері» атты блогерік сайыс мектеп тәлімгері тарапынан ұйымдастырылып, оған негізінен жоғарғы сыныптың оқушылары қатысты. Балалар бүгінгі таңдағы жаңа мамандыққа сай блогер болып түсірген бейнероликтерін ұсынып, тиісінде кері байланыс алып, марапатталды.

Жұмыс жоспарындағы «Жаңа басшы нені білуі және не істей алуы керек?» тақырыбындағы пікірталас атауы «Топты басқару оңай ма?» деген атаумен өзгертіліп, балалар аталған тақырып аясында пікір сайысына түсті. Шара барысында оқушылар көшбасшылыққа тән қасиеттер мен кеі ықпал ететін факторлер туралы айтып, ақпарат алмасты. Шараны мектеп парламенті ұйымдастырды.

КОПМӘДЕНИЕТТІЛІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ аясында жыл басында мектеп оқушылары «Ереже – мектептің негізгі заңы» атты жиын өткізіліп, одан соң әр класс оқушылары мектеп ережесімен танысып, қолдарын қойды.

Балалардың мемлекеттік тілді, орыс, ағылшын тілдерін меңгеруін анықтауға арналған «Полиглот» байқауы тіл айлығы аясында өтті. Оны қазақ, орыс және ағылшын тілі пәндері мұғалімдері ұйымдастырды.

Сонымен қатар, сынып жетекшілер тарапынан балалармен бірге Көктау ауылындағы тарихи орындарға экскурсия жасалды. Онда балаларға өңірімізде мекендеген рулар мен олардың тұрмыс тіршілігі туралы ақпарат берілді.

«Мамандығым – мақтанышым!» атты ашық тәрбие сағаты 11-класта жүргізіліп, балалар таңдап отырған мамандықтары туралы және таңдау себептері мен сол мамандықты игеруге мүмкіндік беретін жеке қасиеттер туралы ой бөлісті.

«Кешірім қалай сұрау керек?» атты сауалнамаға балалар белсенділікпен қатысып, кешірім сұрағаннан кешірім сұрауға жетелейтін әрекеттен тиылған дұрыстығын алға тартты. Сондай-ақ, жоспардағы Жамбыл Жабаевқа 175 жыл толуына орай балаларға ақын өмірінен деректі фильм көрсетіліп, ақын өмірі мен шығармашылығына арналған көме ұйымдастырылды.

«Алақай, жаз!» атты оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыруға арналған іс-шаралар жоспары балаларға мамыр айында таныстырылып, мектеп жанындағы лагерге қатысуға шақырылды.

ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ТӘРБИЕЛЕУ мақсатында дарынды оқушылардың көшбасшылық қасиеттерін, дарындылығын дамыту жұмыстары мен оқушылардың үйірмелерге, олимпиадаларға қатысу үнемі назарда болды. Бұл жұмыстардың нәтижесі де бар. Өртүрлі бағыттағы сайыстарда жетістікке жеткен оқушыларымыз мектеп директоры тарапынан марапатталып, мектептің инстаграмм парақшасына салынып отырылды.

Оқушылардың өздігінен іздені жұмыстары мен ғылыми жұмыстары олар қатысқан ғылыми жобаларда өз нәтижесін көрсетіп, балалар жүлделі орындармен марапатталды.

«Шығармашылық – шыңдайды шеберлігін» атты көрме байқауына мектеп оқушылары белсенділікпен қатысып, мектеп фойесінде олардың жұмыстарынан көрме жасалды. Аталған көрмені бағалау үшін мектеп тәлімгері тарапынан комиссия құрылып, балалардың жұмысы бағаланды. Қатысушылар тиісінше жүлделі орындармен және мадақтамалармен марапатталды.

Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастыру, мақсатында «Сүбелі сөз» дебат клубы мүшелерінің ұйымдастыруымен «Ел тізгіні – білімді ұрпақ қолында» атты дебат болып өтті. Оқушылар әр түрлі тақырыптарда пікір алысып, қызықты ойын көрсетті. Сондай-ақ, «Өзін – өзі тану: Сүйіспеншілік пен шығармашылық педагогикасы» атты дәстүрлі онкүндік жоспары аясында мектепшілік «Қайырымды қоғам адамдарды біріктіреді» атты пікірсайыс болып өтті.

Ел тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Білекті бірді, білімді - мынды» жығады атты зияткерлік сайыс 5-10-класс оқушылары арасында ұйымдастырылды. Шараға оқушылар барлық кластардан жинақталған топтар болып қатысты. Ә.Бөкейхановтың 155 жылдығына орай «Мың бір мақал, жз бір жұмбақ» атты сайыты мектеп тәлімгері ұйымдастырды. Сайыс балалар үшін өте қызықты болып, жоғары деңгейде өтті.

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ бағытындағы іс-шара жыл басында коронавирустық инфекцияның алдын алу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарымен басталды. Бұл шараға бала жасына сәйкес санитарлық білім беру мақсатында мектеп медбикесі Мергенбай А.М. қатысып, балаларға вирустық инфекцияның алдын алу мен жұғу қаупі туралы, сақтану шаралары туралы айтты. Сонымен қатар, қыркүйек айында «Денсаулық күнін» атап өтуге арналған дәстүрлі денсаулық апталығы ұйымдастырылды. Апталық аясында тәрбие сағаттары мен денешынықтыру пәні мұғалімдерінің спорттық шаралары жүргізілді. «Денсаулық күні» мектептің 5-11-класс оқушыларының таза ауада таңғы жаттығуынан басталып, күн бойы спорттық ойындар, әртүрлі сайыстар ұйымдастырылды. «Жат әрекеттен сақтан!» атты ақпараттық-түсіндіру жұмысына ауылдық учаскелік полиция инстпекторы, полиция майоры Сагинтаев Р.Т. қатысып,

балаларға зиянды заттардың зардабы туралы, олардың қылмысқа әкелуі мүмкін фактілері туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Мектеп медбикесі қатысуымен «Наркобекет» тобы құрылды. «Туберкулез – жұқпалы ауру», «Сальмонеллез ауруының себептері мен алдын алу шаралары» тақырыптарында оқушылар арасында диктанттар жазылып, мектеп медбикесімен «Зиянды заттардан сақтан!» тақырыбында кездесу ұйымдастырылды. Сонымен қатар, «Спорт менің досым!» тақырыбы аясында спорттық сайыстар ұйымдастырылды. «Дүниежүзілік туберкулезге қарсы күрес күніне» орай мектебімізде ақпараттық минут ұйымдастырылды. Мектеп медбикесі Мергенбай А.М. балаларға туберкулез ауыруының ерекшеліктері, алдын алу шаралары мен сақтану жолдары туралы жүйелі ақпарат берді.

Сондай-ақ, оқушылар арасында «Жат әрекеттен сақтан!» атты кинофильм көрсетілді. «Дұрыс тамақтану – болашақ ұлт денсаулығын сақтау» атты тсынып сағаты мен «Мен салауатты өмірді қолдаймын» атты онкүндік өткізілді. Онкүндік аясында балалардың қатысуымен спорттық сайыстар өткізіліп, балалардың салауатты өмір салтын ұстануына ықпал жасалды.

2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысының жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» № 472 бұйрығы басшылыққа алынды

- ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері басшылыққа алынды.

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі нормативтік құқықтық құжаттары:

- 1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІҮ Заңы;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169- VI Заңы;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
- 10) ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

Тәрбие жұмысының өзекті мәселесі: Жастардың бойында азаматтық пен Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, мемлекеттік құрметтеуге, халық дәстүрлерін дәріптеуге, әлемдік және Отандық мәдениет жетістіктерін оқып үйренуге, Конституцияға және қоғамға қарама- қайшы келетін әрекеттерге төзбеушілікке тәрбиелеу.

2022-2023 оқу жылында тәрбие тұжырымдамасының 8 бағыты бойынша жұмыстар тиісінше жүргізіліп отырылды.

Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие бағыты бойынша Әр дүйсенбі сабақты Гимнмен бастауды мектебіміздің ДТІЖО Ақынтаева М.Б. сынып жетекшілер, АӘД жетекшісі қолға алды. Оқушылар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша мектепшілік рейд және де жеке жұмыстар ұйымдастырылды.

1-11 сыныптарда 2022 жылдың 1 қыркүйегінде балалар жылына арналған «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизм» тақырыбында сынып сағаты, ашық сабақ өткізіледі. «Тәртіпті елдің баласы, «Жігер» ер балалар клубының отырысы, «Роза Бағлановаға-100 жыл» толу мерейтойына орай мектебіміздің кітапханашысы дөңгелек үстел, 16 желтоқсан ҚР-ның тәуелсіздік күніне орай өтетін «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымына қабылдауға арналған салтанатты жиын өтті. «Тәуелсіздіктің нұрлы таңы» ҚР Тәуелсіздігі күні мерекесіне арналған іс – шаралар, «Жастарға құқықтық тәрбие беру – жаңа қазақстандық азамат қалыптастырудың алғы шарттарының бірі» арнайы мамандармен кездесу және де Ұлы Жеңіс күніне арналған «Жауынгерлік әндер» байқауы, мерекелік концерт, ардагерлермен кездесу жоспарға сай мектебімізде ұйымдастырылды.

Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты бойынша Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру және оны қолдау, кітап мәртебесін арттыру мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жобасы енгізілді. «Буккроссинг» отбасында 20 мин кітап оқу, «100 кітап» жобалары Ұзақ және қысқа мерзімді жобалар іске асырылды. 2022/2023 оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезінде Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығын, Роза Бағланованың 100 жылдығын, Қазыбек бидің 355 жылдығын, Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығын, Дінмұхамед Қонаевтың 110 жылдығын, сондай-ақ Қазақстанның Мемлекеттік рәміздерінің 30 жылдығын мерекелеу және дайындау ерекше назар алынды. «Қоғамға қызмет» жобасы аясындағы «Адамға қуаныш сыйла», «Мектепке жол», «Үш игі іс» акциялары, «Сырласу» қыздар клубының жұмыстары жоспарға сай өтті. Сонымен қатар, Акынтаева М.Б. және сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен «Ақылды волантерлық» жүйесі арқылы «Қоғамға қызмет ет» акциясы жүргізілді. Одан бөлек, 5- ҰОС туралы 5-9 класс оқушылары арасында әңгіме – сұхбаттар, «Жұлдызды шашу» әдісі арқылы шығармашылық есептер жоспарға сай өз уақытында жүйелі түрде өтілді.

Ұлттық тәрбие бағыты бойынша «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «100 кітап жобасы» оқушылармен ұзақ мерзімді жобаны жүзеге асыру үшін әр бейсенбіде кітап оқу, «Оқуға құштар мектеп» аясында «100 кітап жобасы» ата – аналармен қысқа мерзімді жобаны жүзеге асыру онлайн кітап оқу, 5 қыркүйек- Тіл мерекесіне орай «Үш тұғырлы тіл».«Толық адам» тұлғалық жеке қасиеттері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында, Мемлекет басшысының«Тәуелсіздік бәрінен қымбат» және «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» бағдарламалық мақалаларында және басқа да мемлекеттік тұжырымдамаларда айқындалған құндылықтар мен басымдықтарды жеке тұлғаны тәрбиелеудің бірегей жүйелік тәсілімен қамтамасыз ету үшін класс сағаттарын, апталықтар, кездесулер ұйымдастырды. **Отбасылық тәрбие бағыты бойынша** 1 қазан – Қарттар күніне және Ұрпақтар сабақтастығы күніне арналған іс –шаралар, «Қарттарын қадірлеген- ел ардақты» қарттарға көмек көрсету жұмыстары жүргізілді. «Ата – ана жұмысында 1 күн» жобасы аясында ата – ана мен баланың өткізген 1 күніне видеоролик әзірленді. Бала тәрбиесіндегі әкелер рөлі тақырыбында әкелер жиналысы өтті.

Білім алушылар бойында еңбек тәрбиесін, экономикалық және экологиялық тәрбиені қалыптастыру бағыты бойынша «Ерте жастан экологиялық мәдениет» жобасы аясында тәрбиелік іс – шаралар кешенін іске асыру, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, қоршаған әлемге ұқыпты қарауға арналған іс – шаралар, «1001 гүл » акциясы, «Мәңгі лаулап жану үшін ғаламда, Үлкен арман керек екен адамға!» мамандық таңдауға байланысты тақырыптық шаралар, “Туған жерге тағзым” акциясы аясында мектеп түлектерімен кездесу ұйымдастырылды.

Көпмәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие бағыты бойынша «Ұшқыр ой алаңы» оқушыларының дебаттық қоғалысы аясына зияткерлер сайысы, Халықтар достығы күніне орай ұйымдастырылатын класс сағаттары, «Балалар және театр» ағартушылық жобасы шеңберіне «Балалар және театр» үйірмесінің есебі берілді.

Зияткерлік тәрбие бағыты бойынша «Берекелі, мерекелі, Алтын күз!» табиғи материалдардан даярланған көрме, сурет көрмесі, «Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың дебаттық қозғалысы» жалпыұлттық мәдени – білім беру жобасын іске асыру мақсатында мектепте «Эрнесто» дебат клубының іс – шаралары, Ақпараттық қауіпсіздік және киберқауіпсіздік, кибермәдениет мәселесі» іс-шаралар және де «Жаңа жылға жақсы тілекпен..» жаңа жыл мерекесі ұйымдастырылды.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты тәрбие бағыты бойынша Каникул кезіндегі спорттық ойындардан жарыстары (футбол, волейбол, пионербол, ұлттық спорт түрлері: асық ату, тоғызқұмалақ,

қазақ күресі), «Отбасы - орта мектеп» жобасы аясында «Әкелер клубының» жоспарына сәйкес ұйымдастырылатын «Әке мен бала» спорттық іс – шаралары, «Ұлағат» ұлдар клубы мен «Сырласу» қыздар клубының мүшелерінің мектеп медбикесімен кездесуі, «Нашақорлыққа жол жоқ!» шығарма жазу, «Біз зиянды заттарға қарсымыз» сурет көрмесін жасақтау, «Салауатты өмір салтын қалыптастыру – денсаулық кепілі» мамандармен кездесу, 7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күніне флешмоб және де «Жаз жайнатып, күн күлдіріп, біз лагерьге барамыз!» мектеп жанындағы балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру жұмыстары жоспарға сәйкес мектебімізде өткізілді.

2023-2024 оқу жылы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

ҚЫРКҮЙЕК- БІЛІМ АЙЫ

Ұлттық мүдде (отан) құндылығы бойынша: 10 тамыз – Абай күні, 1 қыркүйек – Білім күні «Мектебім – мерейлі мекенімі» тақырыбында сынып сағаттары, 5 қыркүйек – Тілдер күні және А. Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы іс – шарасы, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Ұлт ұстазы» бейне бұрышы, Өзін өзі басқару ұйымының жұмысы бойынша мектебімізде «Мектеп парламенті» сайлауы т.б. шаралар

Талап құндылығы бойынша: «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша класс жетекшілермен жиналыс, «Тоғыз айға 9 іс -шара» тұжырымдамасы аясында «Сергіту сәті» және «Денсаулық күні 2023» ойын сайыстары, «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы «Жолда жүру ережелерін білесің бе?» тақырыбында сынып сағаттары т.б.

Ар-ұят құндылығы бойынша: «Ата – аналар мектебі» жобасы аясында Отбасы күні аясында «Отбасым» челленджі, Жасөспірімдердің есірткі заттарды және алкогольдік ішімдіктерді пайдаланудың алдын –алу жұмыстары барысында жадынамалар таратылды. 1 қазан - Қарттар күніне орай «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында қайырымдылық акциясы, 5 қазан – Мұғалімдер күніне орай іс – шаралар және «Дублер күнін» ұйымдастырылды.

ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

Ұлттық мүдде (отан) құндылығы бойынша: мектебіміздің 5-9 сыныптар арасында Спандияр Көбеевтің туғанына 145жыл, Мәшһүр – Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл, Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл, Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл толуына орай тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. «Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл толуына орай дебат ойыны өтті.

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары бойынша жасөспірімдер арасындағы

құқықбұзушылықтың алдын алуға байланысты мектепшілік тәртіп сақшылар тобы құрылған. Кәмелет жасқа толмағандар арасында ІБ есепке тіркелген балалар жоқ. Жасөспірімдер арасында жасалған бұзақылық, қылмыстық іс тіркелмеген.

Есепке алу түрлері	2021-2022	2022-2023
	Есепке алынды	Есепке алынды
Мектепшілік бақылау	-	-
ІБ есепте	-	-
Нарколог есебінде	-	-
“Қауіпті топ”	-	-
Дін жолында жүрген	-	-
Суицид фактілері	-	-

Жалпы қорытынды: Тәрбие жұмысының барлық түрлері білім алушылардың жаңа білімді субъективті тануы мен меңгеруі мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған.

4.4.білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;

2021-2022 оқу жылында жалпы оқушы саны: 71 Ондағы мектепшілік «Волейбол» үйірмесіне-16 оқушы, «Үстел теннисіне» үйірмесіне-15оқушы, «Еркін күрес» үйірмесіне-25 оқушы.

2022-2023 оқу жылында жалпы оқушы саны: 83 Ондағы мектепшілік «Үстел» теннисіне-15 оқушы, «Еркін күрес» үйірмесіне-16 оқушы, «Домбыра үйірмесіне»-20 оқушы, «Цифрлық ақпараттандыру» үйірмесіне- 17 бала

2023-2024 оқу жылында жалпы оқушы саны: 82 Ондағы мектепшілік «Үстел» теннисіне-15 оқушы, «Еркін күрес» үйірмесіне-16 оқушы, «Домбыра» үйірмесіне- 15 оқушы, «3D модель» үйірмесіне- 15 оқушы қатысады.

Нәтижелері:

Жетістік атауы	Аты-жөні	Жетекші жетістігі	Оқушы жетістігі	Марапаты	Аудандық	Облыстық	Республикалық
Футболдан Хромтау ауданының Мемлекеттік қызметкерлер және ТОО	Есиркепов А.Қ.	+		I орын	+		

арасындағы қайырымдылық турнирі							
Білім беру ұйымдарының 7-8 сынып оқушылары арасында «Ұлттық мектеп лигасы» Бес тас жарысында	Амангелді Алпамыс		+	II орын	+		
Білім беру ұйымдарының 7-8 сынып оқушылары арасындағы аудандық футбол жарысында	Шуканов Елнур		+	II орын	+		
Білім беру ұйымдарының 7-8 сынып оқушылары арасындағы «Ұлттық мектеп лигасы» аудандық футбол жарысында	Шуканов Алдияр		+	II орын	+		
Білім беру ұйымдарының 7-8 сынып оқушылары арасында «Ұлттық мектеп лигасы» Бес тас жарысында	Мәулетшәріп Жандос		+	II орын	+		
Білім беру ұйымдарының 7-8 сынып оқушылары арасында «Ұлттық мектеп лигасы» Бес тас жарысында	Жақсымбет Әділ		+	II орын	+		
Білім беру ұйымдарының 7-8 сынып оқушылары арасында «Ұлттық мектеп лигасы» Бес тас жарысында	Ковальчук Рустам		+	II орын	+		

Білім беру ұйымдарының 7-8 сынып оқушылары арасындағы аудандық футбол жарысында	Жақсымбет Әділ		+	II орын	+		
Білім беру ұйымдарының 7-8 сынып оқушылары арасында «Ұлттық мектеп лигасы» Бес тас жарысында	Айжарық Аманбек		+	II орын	+		
Білім беру ұйымдарының 7-8 сынып оқушылары арасында «Ұлттық мектеп лигасы» Бес тас жарысында	Амантай Саян		+	II орын	+		
Еркін күрестен 2009-2010 ,2011-2012 ж.т. жасөспірімдер мен 2010-2011 ж.т. қыз балалар арасындағы Қобда БЖСМ-нің ашық біріншілігін ұлдар арасында 24 келі салмақ дәрежесінде	Асылбай Әбілмансұр		+	II орын	+		
16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне арналған 2011-2013 ж.т. Қобда БЖСМ-нің ашық біріншілігін ұлдар арасында 27 келі салмақ дәрежесінде	Асылбай Әбілмансұр		+	II орын	+		
1 мамыр Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне арналған Қобда БЖСМ-нің	Асылбай Әбілмансұр		+	I орын	+		

ашық біріншілігін ұлдар арасында 24 келі салмақ дәрежесінде							
---	--	--	--	--	--	--	--

Жылдар	Мектепшілік үйірме, секцияларға қатысатын оқушылар саны	%	Мектеп тен тыс үйірме, секциял арға оқушыл ар саны	%	Барлық (мектепте, мектептен тыс) үйірмелерге қатысатын оқушылар саны	%
2021-2022	56 оқушы	78%	-			
2022-2023	68 оқушы	81%	-			
2023-2024	61 оқушы	74%	-			

Сонымен қатар мектебімізде «Рухани жаңғыру: Болашаққа бағдар» бағдарламасы аясында бірнеше **жобалар** қолға алынған. Солардың бірі:

«Қоғамға қызмет» жобасы. Бұл жобаның аясында мектеп оқушылары арасынан және жас мамандар арасынан еріктілер топтары құрылып, оқушылар тобы қайырымдылық акцияларға атсалысса, жас мамандар тобы құқықбұзушылықтың алдын алуға бағытталған жедел алдын алу шаралары кезінде кешкі рейдке қатысуда.

«Ұшқыр ой алаңы» жобасы негізіндегі «Сүбелі сөз» дебат клубының жылдық жоспар бекітіліп, сол жаспарға сай дебат ойындары жүйелі түрде жүргізіліп тұрады. Ұйымдастырылған дебат ойындар мектебіміздің әлеуметтік парақшасына немесе мектеп сайтына жүктелген.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында тоқсан барысында «Оқу сағаты» бұрышы, «Досыңа кітап сыйла» акциясы ұйымдастырылды. Сонымен қатар, ата-анамен бірге «Отбасылық оқу сағаты» ұйымдастырылды. Сондай-ақ, Ақтөбе облыстық білім басқармасының хаты негізінде «Сабақ кезінде 5 минут оқу» және «Сабақтан тыс уақытта 20 минут оқу» акциялары ұйымдастырылып, оқушылар мектеп кітапханасында көркем әдебиеттер оқыды.

«Мектепшілік өзін-өзі басқару» жобасы мектебіміздің тәрбие бағыты бойынша жылдық жоспарға сай түрлі іс шаралар өткізіліп тұрады.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЖЕКЕ МҮДДЕЛЕРІ МЕН ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІН ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, БЕЙІНДІ ОҚЫТУДЫ ІСКЕ АСЫРУ (ОҚЫТУДЫҢ ТЕРЕНДЕТІЛГЕН ЖӘНЕ СТАНДАРТТЫ ДЕҢГЕЙЛЕРІ);

2021-2022 оқу жылында ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы (2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрықпен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына және МЖМБС талаптарына сәйкес жасалған. 1-11-сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспарларында оқу пәндері мен сағат сандары үлгілік оқу жоспары бойынша құрылған.

11 класс үшін ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығына 22 қосымша бойынша жаратылыстану-математикалық бағыттары төмендетілген оқу жүктемесімен оқу жоспары жасалынған. 11 сынып оқушыларының өтініштері арқылы

жаратылыстану - математикалық бағытта оқытылған. Тереңдетілген деңгей биология- география 3сағаттан 2 пән таңдалынған, стандартты деңгейге дүние жүзі тарихы 2сағаттан 1 пән алынып оқытылған.

Инварианттық компоненттен таңдау пәндерінен білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып келесі пәндер оқытылған.

11 класс үшін «Биология» аптасына 1 сағат, «География» аптасына 1 сағат, «Математикалық сауаттылық» аптасына 1 сағат, «Физика» аптасына 1 сағат, «Дене шынықтыру: қозғалмалы ойындар» аптасына 1 сағат

2022-2023, 2023-2024 оқу жылында 10-11 класс жоқ.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ МЕН ЖЕКЕ МҮМКІНДІКТЕРІН ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

2021-2023 жылдар аралығында Сарысай орта мектебінде ерекше білім беру қажеттіліктерімен білім алатын балалар болмаған.

ҮОЖ-ҒА СӘЙКЕС ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАТЫН ВАРИАТИВТІ КОМПОНЕНТТІҢ ТАҢДАУ КУРСТАРЫ МЕН ФАКУЛЬТАТИВТЕРІН ІСКЕ АСЫРУ;

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары жалпы білім беретін үлгілік оқу жоспарларына сәйкес вариативті компоненттің оқу жүктемесі нақты сақталған.

Вариативті компоненттен алынған таңдау курстарының сабақ кестесі бөлек жасалып, бекітілген. Таңдау курстарының оқу бағдарламалары құрылып, пәндік бірлестіктерде талданған, мектеп директорымен бекітілген.

Міндетті оқу пәндерін оқытумен қатар вариативтік компоненттерден таңдалынған элективті курстар, белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтарға қатысуы нәтижесінде оқушылардың мектепшілік, аудандық, облыстық, республикалық сыныптан тыс байқаулардан, ғылыми жобалар қорғаудан, сонымен бірге қашықтықтан ұйымдастырылған ойын-байқаулар, он-лайн форматындағы түрлі пәндік олимпиадаларға қатысудан алған марапаттаулары жинақталған.

Қорытынды:

Міндетті оқу пәндерін оқытумен қатар ҮОЖ-ға сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттерден таңдалынған элективті курстар, таңдау курстары, белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтарға қатысуы нәтижесінде оқушылардың мектепшілік, аудандық, облыстық, байқаулардан, ғылыми жобалар қорғаудан, сонымен бірге қашықтықтан ұйымдастырылған ойын-байқаулар, он-лайн форматындағы түрлі интеллектуалды байқауларға қатысудан алған марапаттаулары бар.

4.8. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы

2021-2023 оқу жылдары «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы төмендегі тәртіппен жүргізілген. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізілген.

Курс мазмұны 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытуымен, 5-9-сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен, 10-11-сыныптарда «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысының оқытуымен кіріктіру арқылы қамтылған. «ӨҚН» курсы

бойынша өткізілген тақырыптар мектеп журналына қай тақырыпта кіріктірілгені көрсетіліп жазылған.

1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде жүргізілуі:

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу пәнінің шеңберінде кіріктірілген оқу бағдарламасы мұғалімдердің күнтізбелік-тақырыптық оқу курсы «Дүниетану жоспарларында белгіленген, бекітілген. Тақырыптары таңдалып алынған.

5-9-класстарда – «Дене шынықтыру» пәні аясында:

5 класстарда Оқушылардың қауіпсіз шарттардағы мінез-құлықтары, Төтенше жағдайдағы оқшауланған сипаты, Адам өмір тіршілігінің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардағы қауіпсіздігі, Азаматтық қорғаныс, Медициналық білім негіздері және алғашқы медициналық көмек көрсету ережелері,

6 класстарда Төтенше жағдайлардан адамның өмір қауіпсіздігін сақтау, Адамның табиғатта өз бетінше өмір сүруі, Медициналық көмек көрсету жолдары, Жер сілкінісі, Жердің опырылуы мен сель, көшкіннің орын алуы, Дауыл, боран.

7 класстарда Төтенше жағдайлардан адамның өмір қауіпсіздігін сақтау» Су тасқыны, Орман және дала өрті, Өндірістік апаттар және зілзала апаттар, Әсері мықты улы заттардың қалдықтарынан туындайтын апаттар, Жара мен жарақат алу және басқа да келеңсіз жағдайларда алғашқы медициналық көмек көрсету.

8 класстарда Төтенше жағдайлардан адамның өмір қауіпсіздігін сақтау» Әсері мықты улы заттардың қалдықтарынан туындайтын апаттар, Жарылыс және өрт, Медицина білім негіздері және бала денсаулығын қорғау, Жара мен жарақат алу және басқа да келеңсіз жағдайларда алғашқы медициналық көмек көрсету, Жұқпалы аурулардың алдын алу.

9 класстарда Радиоактивтік заттардың қалдықтарынан туындайтын апаттар, Гидродинамикалық апаттар, Мектеп жасындағы балалардың жарақат алуының және жарақат алған кездегі естен тануының алдын алу шаралары, Жара мен жарақат алу және басқа да келеңсіз жағдайларда алғашқы медициналық көмек көрсету.

10-11-сыныптарда «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің оқу курсының аясында:

10 класстарда Шаруашылық жүргізу нысанындағы азаматтық қорғау; Химиялық қару; Ядролық қару; Биологиялық қару, Ұжымдық қорғану құралдары; Террорлық қауіп-қатер кезіндегі тұрғындардың қауіпсіздігі.

11 класстарда Қауіпсіздік негіздері және қауіптерді жіктеу, Қоршаған орта мен адамның қауіпсіздігі, Өртүрлі тұрмыстық жағдайларда жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету, Техногендік сипаттағы қауіптілік, Экологиялық қауіпсіздік, Табиғи жағдайда автономды өмір сүру.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде кіріктірілген оқу бағдарламасы мұғалімдердің күнтізбелік-тақырыптық жоспарларында белгіленген, бекітілген. Тақырыптары таңдалып алынған.

Қорытынды: 2021-2023 оқу жылындағы «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт (МЖМБС) талаптарына сәйкес.

4.9. «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсына іске асыру.

1-4 класстарда "Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырылған.

Міндетті оқу курсының жүргізілгендігі сынып журналдарында берілген. «Күнделік.кз» электронды журналында сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылған.

5-8 класстарда "Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылған.

1-8-сыныптарға арналған «Жолда жүру ережелері » оқу пәнінің үлгілік күнтізбелік-тақырыптық жоспарына сәйкес сабақтар бастауыш сыныптарда сынып сағаттарының тақырыбымен қосылып , 5-8 сыныптарда электронды журналдың ҚББ жазылған.

БАСТАУЫШ, НЕГІЗГІ ОРТА ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖҮКТЕМЕСІНІҢ ЕҢ ЖОҒАРЫ КӨЛЕМІНЕ ӨЛШЕМШАРТТАР:

1) білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы;

2021-2022 оқу жылдарында білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сыныптағы және сыныптан тыс (факультативті, жеке және үйірме сабақтары) оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда 1-сыныпта – 22,5 сағаттан, 2-сыныпта – 24 сағаттан, 3-сыныпта – 27 сағаттан, 4-сыныпта – 27 сағаттан, яғни бастауыш мектептегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 29 сағаттан аспайды.

Негізгі орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 5-сыныпта – 31 сағаттан, 6-сыныпта – 31 сағаттан, 7-сыныпта – 34 сағаттан, 8-сыныпта – 35 сағаттан, 9-сыныпта – 36 сағаттан аспайды.

Жалпы орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі әр сыныпта аптасына 35сағаттан аспайды.(11-сыныпта – 39 с).

Бекітілген оқу жұмыс жоспары негізінде құрылған сабақ кестесіндегі сыныптардың ең жоғарғы көлемі барлық деңгей бойынша сақталған. Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі электронды журналға толтырылған.

2022-2023 оқу жылы апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі бастауыш білім беруде 26 сағаттан, негізгі орта білім беруде 5-сыныпта – 28,5 сағаттан, 6-сыныпта – 28,5 сағаттан, 7-сыныпта – 32,5 сағаттан, 8-сыныпта–32,5 сағаттан, 9-сыныпта-34 сағаттан аспайды. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталған.

2023-2024 оқу жылы апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі бастауыш білім беруде 26 сағаттан, негізгі орта білім беруде 5-сыныпта – 28,5 сағаттан, 6-сыныпта – 28,5 сағаттан, 8-сыныпта–32,5 сағаттан, 9-сыныпта-34 сағаттан аспайды. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталған.

Қорытынды: 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарындағы бекітілген оқу жұмыс жоспарларында апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлемі барлық деңгей бойынша сақталған.

2) білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҰОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы;

2021-2022 оқу жылдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына сәйкес, инвариантты және вариативті компоненттерді қамтитын білім алушылардың оқу жүктемесінің жалпы көлемі сақталған, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі оқу жұмыс жоспарларында сәйкестігі анықталды.

Электронды журналдарды тексеру барысында, оқу жұмыс жоспарында, сабақ кестесінде пәндер бойынша инвариантты және вариативті компоненттегі оқу сағаттарының жоғары көлемі сақталғандығы анықталды. Барлығы типтік үлгілік оқу жоспарларға сәйкес жасалған.

2021-2022 оқу жылы бойынша 1-класта – апталық 22,5 сағат, жылдық 742,5 сағат, 2-класта – апталық 24 сағат, жылдық 816 сағат, 3-сыныпта – апталық 27 сағат, жылдық 918 сағат, 4-сыныпта – апталық 27 сағат, жылдық 918 сағат берілген. 5-сыныпта – апталық 31 сағат, жылдық 1054 сағат, 6-сыныпта – апталық 31 сағат, жылдық 1054 сағат, 7-сыныпта – апталық 34 сағат, жылдық 1156 сағат, 8-сыныпта – апталық 35 сағат, жылдық 1190 сағат, 9-сыныпта – апталық 36 сағат, жылдық 1224 сағат оқу жүктемелері үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді. 11-сыныпта – апталық 35 сағат, жылдық 1190 сағатты құрайды.

2022-2023, 2023-2024 оқу жылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен (*ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 №406*) енгізілген өзгертулер «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» негізінде инвариантты және вариативті компоненттерді қамтитын білім алушылардың оқу жүктемесінің жалпы көлемі сақталған, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі оқу жұмыс жоспарларында сәйкестігі анықталды.

2022-2023 оқу жылы бойынша 1-класта – апталық 19,5 сағат, жылдық 682,5 сағат, 2-класта – апталық 24 сағат, жылдық 864 сағат, 3-сыныпта – апталық 26 сағат, жылдық 936 сағат, 4-сыныпта – апталық 26 сағат, жылдық 936 сағат берілген. 5-сыныпта – апталық 28,5 сағат, жылдық 1026 сағат, 6-сыныпта – апталық 28,5 сағат, жылдық 1026 сағат, 7-сыныпта – апталық 32,5 сағат, жылдық 1170 сағат, 8-сыныпта – апталық 32,5 сағат, жылдық 1170 сағат, 9-сыныпта – апталық 34 сағат, жылдық 1224 сағат оқу жүктемелері үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді.

2023-2024 оқу жылы бойынша 1-класта – апталық 19,5 сағат, жылдық 643,5 сағат, 2-класта – апталық 24 сағат, жылдық 816 сағат, 3-сыныпта – апталық 26 сағат, жылдық 884 сағат, 4-сыныпта – апталық 26 сағат, жылдық 884 сағат берілген. 5-сыныпта – апталық 28,5 сағат, жылдық 969 сағат, 6-сыныпта – апталық 28,5 сағат, жылдық 966 сағат, 8-сыныпта – апталық 32,5 сағат, жылдық 1105 сағат, 9-сыныпта – апталық 34 сағат, жылдық 1156 сағат оқу жүктемелері үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді.

Қорытынды: Сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің инвариантты және вариативті компонент бойынша жалпы көлемі үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді, оқу жүктемесінің ең жоғары шекті көлеміне қойылатын талаптар сақталған.

ОҚУ МЕРЗІМІНЕ ӨЛШЕМШАРТТАР:

1. тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен (өзгерістері мен толықтыруларымен) бекітілген «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» негізінде оқушылар басқа білім ұйымдарынан қабылдау, ауысуына, мектеп бітіруіне байланысты мектеп есебінен мектеп директорының бұйрығы негізінде шығарылып отырған. Педагогикалық кеңесте (оқу жылындағы хаттама №1, хаттама №5,6 шешімдері) қаралып, шешімі шығарылып отырған.

Мектеп директорының бұйрығымен оқу жылының басында, яғни қыркүйек айында 1-класқа қабылдау, 10- класқа қабылдау бұйрықтары шығарылып, жинақталған. Оқу жылының аяғында 9 класс, 11 класс түлектертеріне аттестат беріліп, мектеп есебінен шығарылып отырған. Оқу жылында мектепке бірінші сынып білім алушыларын қабылданған бұйрық жылдың 25 тамызынан кейін шығарылған, ал оныншы сыныптарға қабылданған білім алушылардың ата аналарының өтініштері негізінде 15 тамызға дейін бұйрық шығарылып, негізгі орта білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжатының негізінде мемлекеттік қызмет көрсету арқылы қабылданған.

Білім беру ұйымынан шыққан барлық оқушының басқа білім беру ұйымына келуі туралы есептен шығару талондары бар, жинақталған.

2021-2022 оқу жылы 9 сынып, 11 кл бітіріп кеткен - 8 оқушы,

2022-2023 оқу жылы 9 сынып бітіріп кеткен 7 оқушы, 10 сыныпқа қабалданған оқушы жоқ
2023-2024 оқу жылының басында 9 сыныпқа 8 оқушы көшті, 10 сыныпқа қабалданған оқушы жоқ
Қазіргі таңда мектепте 82 оқушы білім алуда

Қорытынды: «Сарысай орта мектебі» КММ – сінде жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптар сақталған.

2. Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау

2021-2023 оқу жылдарының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығын электронды «kundelik.kz» күнделік журналдарын тексеру арқылы талданды. Жалпы оқу жылының басталуы – 1 қыркүйек. Оқу жылының аяқталуы - 2020 жылдың 25 мамыры. Әрбір оқу тоқсанын аяқтау туралы мектеп директорының бұйрықтары шығарылып, оқушылар каникулға жіберіліп отырған. Жалпы оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығы кемінде 30 күнді құрайды. Каникулдар оқу жылында үш рет – күзде, қыста және көктемде беріліп отырғаны анықталды.

2021-2022 оқу жылы

2021-2022 оқу жылының басталуы, ұзақтығы, каникул кезеңі орта білім беру ұйымдарында меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан «Орта білім беру ұйымдарында 2020-2021 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» ҚР БҒМ 2021 жылғы 27 шілдедегі № 368 бұйрығымен бекітілген:

- 1) оқу жылының ұзақтығы: 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда – 34 оқу аптасы;
- 2) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері: 1-11 сыныптарда: күзгі – 7 күн (2021 жылғы 1-7 қарашаны қоса алғанда), қысқы – 11 күн (2021 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2022 жылғы 9 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі-12 күн (2022 жылғы 19-30 наурызды қоса алғанда); 8 1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2022 жылғы 7-13 ақпанды қоса алғанда).

Қорытынды: Электронды журналдарындағы толтырылған күндер толық сәйкес келеді. Мектепте кластар бойынша оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы демалыс уақытының ұзақтығына қойылатын талаптар сақталған.

2022-2023 оқу жылы

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы «Орта білім беру ұйымдарында 2022– 2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» № 363 бұйрығы негізінде оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері төмендегідей белгіленген: 1-11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2022 жылғы 31 қазан- 6 қараша аралығында), қысқы – 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 8 қаңтар аралығында), көктемгі – 9 күн (2023 жылғы 18-26 наурыз аралығында); 1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында).

Қорытынды: Электронды журналдарындағы толтырылған күндер толық сәйкес келеді. Мектепте кластар бойынша оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы демалыс уақытының ұзақтығына қойылатын талаптар сақталған.

V. ОҚУ-МАТЕРИАЛДЫҚ АКТИВТЕР

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 11716 болып тіркелген) білім

беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау. Біліктілік талаптарының сақталуы бойынша барлық растайтын құжаттары (жабдыққа арналған жүкқұжаттардың және/немесе бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдардың тізбесі көшірмелері), жалпы білім беру ұйымы бойынша оқу және оқу-зертханалық жабдықтар мен жиһаздардың болуы, бейнебақылаудың болуы туралы.

Ғимарат туралы мәлімет:

Сарысай орта мектебі 1999 жылы қолдануға берілген. Мекен-жайы: Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Қызылсу ауылдық округі В.Ф.Величко көшесі 25 құрылыс қабырғаларының материалдары силикат кірпіш. Типтік үлгідегі ғимарат 250 оқушыға арналып салынған. Екі қабатты. Жалпы алаңы 10249. **Жұмысшы ауданы-1700,9.** Оқыту тілі қазақ, жұмыс реті - екі ауысымда оқытылады. Қазіргі таңда 82 оқушы білім алуда. Заңды тұлғаның қайта аталуына байланысты 2021 жылдың 17 қаңтарында ҚР Әділет министрлігі Ақтөбе облысының Әділет департаменті мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама берді. БСН970440002249. Заңды тұлғаның атауы «Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Сарысай орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Мектепке 2016 жылы ағымдағы жөндеу жұмыстары 47 000 000 (қырық жеті миллион теңгеге) жүргізілді. Жөндеу жұмыстары кезінде терезе, есік, жылыту батареялары, шатыр алмастырылды. Электро жарықтар алмастырылды: люминесценттік лампылар. Класс кабинеттердің еденін линолеум төселді, асхана бөлмесіне де төселді. Ғимарат ішіндегі дәретханалар жөндеу жұмыстары жүргізіліп 5 унитаз, 3 дана раковина қойылып, еден -жарларына кафель төселді.

Мектеп сынып бөлмелері, оқу кабинеттері қазіргі заманға сай құрал-жабдықтармен жабдықталған.

2016 жылы мектеп қоршауы алмастырылды. Мектеп ғимаратында су құбырлары жүйесі орталықтандырылған, жағдайы қанағаттанарлық. Мектеп жылы дәретханалармен жабдықталған. Ер бала-қыз балаларға арналған 2 дәретхана жұмыс жасап тұр. Жылы сумен (бойлер арқылы жылытылады) және қол кептіргіш құралдармен жабдықталған.

2009 жылы мектепке табиғи газбен жылытатын автономдық қазандық орнатылғын. Мектепті жаңа оқу жылына дайындау мақсатында мектепті ағымды жөндеу жұмыстарына бюджеттен қаржы бөлініп тұрады.

Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 2020 жылы 8 камералы бейне бақылауды орнатты, оның 4 бейнекамерасы ішкі және 4 бейнебақылауы сыртқы мектеп ауласын бақылап тұрады. Мектеп дәліздері, спорт залы, мектеп ауласы барлығы 8 дана камерамен бақыланып отырады. Қауіпсіздік шаралары аясында мектепте 3 күзетші, 1 вахтер қызмет атқарады.

Мектептің материалдық – техникалық базасы қанағаттанарлық. Мектептің ішкі, сыртқы санитарлық жағдайы, мектеп ауласының көгалдандырылуы талапқа сай. Мектеп ғимаратының іші-сырты, сынып бөлмелері, зертханалар, компьютер сыныбы т.б. санитарлық талапқа сәйкес жабдықталған.

Мектеп мұғалімдері, оқушылар және техникалық қызметкерлер техника және өрт қауіпсіздік ережелерімен толық таныстырылған.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқу пәндері кабинеттерімен; интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен; оқу-зертханалық жабдықтармен жарақталуы.

Барлық кабинеттер саны -14, соның ішінде -10 оқу кабинеттері, лаборатория – 2, психолог кабинеті – 1, медициналық кабинеті – 1. 8 оқу кабинеті компьютерлермен жабдықталған. Шеберхана – 2.

1) № 1 бастауыш кабинеті (54,2 м²) 2-сыныпта дербес компьютер комплектісі және бейнепроектор, бейнепроектордың кенебі (видеополотно) № 2 бастауыш кабинеті (30,2 м²)

- 2) № 2 бастауыш кабинеті (30,2 м²) 1-сыныпта 6 парта, 12 орындық, 1 дербес компьютер, қабырға стендтері.
- 3) Тарих кабинеті (39,8 м²) 7 парта 14 орындық 1 дербес компьютер және бейнепроектор, қабырға стендтері.
- 2) Жаңа модификациядағы Физика кабинеті 2009 жылы алынып, 2020 жылы жарамсыздығына байланысты есептен шығарылып. 2023 жылдың шілде айында жаңартылды.
- 3) Қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті (54,3 м²): 8 парта 16 орындық, мұғалім үстелімен орындығы, жазу тақтасымен, кітап сөресі және дербес компьютер комплектісі және бейнепроектор, бейнепроектордың кенебі (видеополотно) , көрнекілік стендтермен, таблицалармен, үлестірмелі материалдармен жабдықталған.
- 4) Алғашқы әскери даярлық кабинеті (57,7 м²) 8 парта, 16 орындық, мұғалім үстелімен орындығы, жазу тақтасымен, түсіндірмелі-ақпараттық стендтермен жабдықталған. Сонымен қатар қару-жарақтан 1 дана АК 74, 1 дана пневматикалық қару, газ қағар -20 дана, 10 дана тұмалдырық бар.
- 5) Информатика кабинеті (28,9 м²) 10 дербес компьютер комплекті (процессор, тышқан, монитор, пернетақта) 14 ноутбук, 8 дербес компьютерге арналған үстелдері, 8 орындық, мұғалім үстелімен орындығы, қауіпсіздік ережесі, ақпараттық түсіндірме стендтерімен жабдықталған.
- 6) Шеберхана кабинеті қауіпсіздік ережесі, ақпараттық түсіндірме стенді, 8 дана оқушы партасы, 16 орындық, 5 тігін машинасымен жабдықталған.
- 7) Орыс тілі кабинеті 6 дана оқушы партасы, 12 дана орындық, мұғалім үстелімен орындығы, ақпараттық стендтер т.б. нәрселермен жабдықталған.
- 8) Медициналық кабинеті лицензия №10409DD 03.12.2019 жылы берілген, жазу үстелі, орындық, кушетка 1 дана, медициналық шкаф 1, канцелярлық үстел 1 дана, ширма, шыны қақпақпен медициналық үстелі 1, тоназытқыш-1, тонометр, фонендоскоп, бактерицидтік шам, медициналық таразы, ростометр, вакцинаға арналған термоконтейнер, үстел шамы, қайшылар, умывальник 1 дана, дезинфекциялық заттар (қоры 3 айға жеткілікті) кеңсе құжаттары (журналдар - 21 медициналық құжаттар жинақталған) т.б.
- 9) Физика пәнінің лабораториясы (17,7 м²) екінші қабатта орналасқан. Зертхана жабдықтарына келетін болсақ: кернеу датчигі, жазық айна, катушка, лабораториялық амперметрлер мен вольтметр өлшеуіштері, жарық беруші, демонстрациялық динометрлер, трансформатор, реттеуге жататын тіреуіштер, пружиналар, жүктер наборы, Физика ғалымдарының портреттері, линза, магниттер, демонстрациялық гальвониметр, қысқыштар, штатив табаны, чемодандар, стержень, плакаттар мен таблицалар комплектысы, астрономия бойынша методикалық - көрнектілік плакаттары лабораториялық қосатын тоқтар комплектысы шкаф функционалды -1, телескоп -1 пен жабдықталған.
- 10) Жаңа модификациядағы Биология кабинеті 2009 жылы алынып, 2020 жылы жарамсыздығына байланысты есептен шығарылып. 2023 жылдың шілде айында жаңартылды.
- 11) Химия пәнінің лабораториясы (18 м²) екінші қабатта орналасқан. Зертхана жабдықтарына келетін болсақ: таразылар 1 дана, тартқыш шкаф (вытяжной шкаф) -1 дана, Аппарат киппа-1 дана, қолжуғыш-1 дана, лабораториялық монша-1 дана, пробиркаларды қыздырғыш-1 дана, штативтар, автмотическая станция для промывки глаз-1 дана, виртуалды зертхана, шарөзекті модель, шпательдер, стакандар, колбалар, ұстағыштар, сынауықтар, сынауықтарға арналған тұрғы, көрлен табақшалары, шыны таяқшалар, спиртшам, электронды таразы, газ жүретін түтік, сүзгі қағаздар, құтылар, мензуркалар, тұрғылармен жабдықталған.
- 12) Дене шынықтыру залы (271,4 м²), шешінетін орын, оқытушылар бөлмесі, спорт инвентарь қоятын бөлме бар. Жарықтандырылған, волейбол, баскетбол сеткалары, 7 дана комплект шаңғы, 3 дана волейбол добы, 4 дана футбол, 3 дана баскетбол доптары, тоғызқұмалақ -8 дана, шашка-шахмат-5 дана, теннис үстелі 1: сетка, 2 дана ракетка, теннис шары -5, гимнастикалық скамейка-4 дана, кіші ағаш ат-2, гир 16 кг.-1 дана, табло 1 дана, спортқа арналған 4 дана стенд, 56 дана күреске арналған кілемшесімен жабдықталған.

Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы.

- № 1 үй-жайларын өтеусіз пайдалану келісім шарты Хромтау қаласы 25 маусым 2021 ж бұдан әрі «Теңгерім ұстаушы» деп аталатын «Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ атынан Жарғы негізінде әрекет ететін басшысы Э Болатов бір тараптан және бұдан әрі «Пайдаланушы» деп аталатын ШЖҚ «Хромтау аудандық ауруханасы» МКК атынан Жарғы негізінде әрекет ететін бас дәрігердің у.м.а М.Сергазин екінші тараптан, бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын, «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» ММ 2021 жылғы 25 маусымдағы № К-87 бұйрығына сәйкес.

Осы шарт мерзімі 2021 жылдың 1 қаңтарынан 2023 жылдың 31 желтоқсанға дейінгі мерзімге болып жасалды.

Медициналық қызметке лицензия №10387DD 2019 жылы 11 қарашада берілген. Мерзімі-шектеусіз.

Мектеп мейірбикесі – Мергенбаева Айгерим Мергенбайқызы.

Маловодное с. Медикалық колледжі» ЖШС-нің «Мейірбеке ісі» мамандығы бойынша бітірген. Мамандығы бойынша медициналық қызметті жүзеге асыру және клиникалық практикаға жіберу үшін маман сертификатын 2019 жылы 09 шілдеде алған. Сертификат 09.07.2024 жылға дейін жарамды. Тіркеу №KZ13VBM00919849, берілген күні 09.07.2019 жыл. 2019 жылы мамыр айының 13 мен 24 аралығында «Ақтөбе облысы бойынша Ұлттық оқу клиникалық орталығы» ЖШС жанында «Мектеп мейірбекесінің жұмысын ұйымдастыру» циклы бойынша «Мейірбеке ісі» мамандығы бойынша 108 сағат көлемінде біліктілігін арттырған.

Медициналық кабинет бар. Кабинетке 2017 жылы 10 сәуірде санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды берілген.

Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы.

Мектеп бойынша асхана 25 орынға арналған. Асхананың жалпы ауданы – 83,2м². Бөлме саны – 3. Ас даярлайтын бөлменің ауданы – 28,0 м². Ас ішетін бөлменің ауданы – 50,6 м².

Ас ішу залында үстелдер, орындықтар, қол жуғыш, қол кептіретін құрал, сұйық сабын, қоқыс салатын жәшік орналастырылған. Асханада «Асыңыз дәмді болсын!» тақтасы, ақпараттық стендтер ілінген. Мектеп асханасында 1 аспазшы бар. Асхана қызметкерінің білім дәрежесін растайтын құжаттары бар. Санитарлық кітапшалары талапқа сай, медициналық тексерістен уақытылы өткен. Жұмыс барысында халат, фартук, орамал, екінші аяқ киім киеді. Ас пісіру барысында қолдарына арнайы резеңке бес саусақты қолғап киеді. Ауыстырып отыруға халат, фартук, орамалдары екі данадан бар. Ас дайындау барысында, асхана ішінде санитарлық талаптарды орындайды.

Тұрмыстық техникадан келесі тіркелді:

Төрт камфоралы электр плитасы - 1 дана. Барлық плиталардың пештері жұмыс жасайды.

Тоңызытқыш (мұздатқыш камерасымен) - 1 дана

Өлшеуіш құрал - 1 дана

Духовка -1 дана

2021-2022 оқу жылы бойынша мектеп контингентін 71 оқушы құрап отыр ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 «Білім беру объектілеріне қойылған санитарлық – эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата – аналарының қамқорлығынсыз

қалған балаларға білім беру ұйымдарында тәрбиеленуші және білім алушы балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарды сатып алу» қағидаларын бекіту бұйрықтарын орындау негізінде жалпыға бірдей міндетті білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін тамақтануымен қамтамасыз етуде мектеп бойынша оқушы тамақтанып отыр. Тамақтану мәселелерін мектепке бекітілген арендатор қыркүйек айында жеке кәсіпкер «Үргенішбай Ерлан Ғабдрахманұлы» аз қамтылған оқушылар тізіміне 7 оқушы болды, қаңтар айынан бастап «Кеншинбаева Гулан Рамазановна» тағайындалды, аз қамтылған оқушылар 8 болды.

Жинақталған құжаттар:

- 1) Қызмет көрсету туралы шарт 31.08.2021 ж № 254
- 2) Кәсіпкердің медициналық кітапшасы №574072
- 3) Метеорологиялық факторларды өлшеу хаттамасы №48 18.09.2021 ж
- 4) Жарықты өлшеу хаттамасы №48 18.09.2021 ж
- 5) Орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сумен жабдықтаудың ауыз су үлгілерін зерттеу хаттамасы № 116 18.09.2021 ж
- 6) Суды үлгілік микробиологиялық зерттеу хаттамасы №163 07.09.2021 ж
- 7) Шу деңгейлерін өлшеу хаттамасы №48 18.09.2021 ж
- 8) Еуразиялық экономикалық одақ сәйкестік туралы декларация
- Тағамдардың сәйкестік сертификаттары
- 9) Сараптама актісі сынақ хаттамасы №СО-20-L-00238-B-H-1 02.03.2020 ж
- 10) Қызмет көрсету туралы шарт 07.02.2022 ж № 62
- 11) Сертификат. Кеншинбаевой Гулан Рамазановна Курс: «Технолог общественного питания» №0156319
- 12) Жеке куәлік Кеншинбаева Г.Р
- 13) Куәлік. «Ақтөбе білім» мемлекеттік лицензиясы №0156319
- 14) Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу куәлігі

2023-2024 оқу жылы

2023-2024 оқу жылы бойынша мектеп контингентін 82 оқушы құрап отыр. ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 «Білім беру объектілеріне қойылған санитарлық – эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата – аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға білім беру ұйымдарында тәрбиеленуші және білім алушы балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарды сатып алу» қағидаларын бекіту бұйрықтарын орындау негізінде жалпыға бірдей міндетті білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін тамақтануымен қамтамасыз етуде мектеп бойынша оқушы тамақтанып отыр. Тамақтану мәселелерін мектепке бекітілген арендатор қыркүйек айында жеке кәсіпкер «Елеусизова Алия Кенесовна» («СЫБАҒА») болды. Аз қамтылған оқушылар тізіміне 4 оқушы болды.

1. Қызмет көрсету туралы шарт №122 24.03.2023
2. Жүргізушінің медициналық кітапшасы №1675145, жүргізуші куәлігі DF1759276, жеке куәлігі: №036608996
3. Кәсіпкердің жеке куәлік №019065579
4. Кәсіпкердің медициналық кітапшасы №793026

5. Эпидемиялық маңыздылығы болмашы объекті қызметінің басталғаны және тоқтатылғаны туралы хабарлама №KZ13UW000592086 16.02.2023ж
6. Перечень закупаемых товаров(работ/услуг)

VI. АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАР

6.1. Оқу және көркем әдебиеттің кітапханалық қорының болу туралы мәліметтер

Кітапханада кітап қоры - 2682 дана, оның ішінде жаңа буын оқулықтары - 1724, көркем әдебиет саны - 871, оқырмандар саны-82, кітапхана көлемі 35,8 кв. М.

Кітапхананың оқу залы – 8 орындық, картотекалық шкаф, кітапханашы үстелімен және жаңа стелаждармен жабдықталған.

VII. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН БАҒАЛАУ

4. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) ЖБП үлгілік оқу бағдарламаларына және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес тиісті білім берудің саласы(және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі(оқытудан күтілетін нәтижелер);

1-11 сыныптарда оқу процесі жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасымен жүзеге асырылады. Әр пән бойынша ұзақ мерзімді жоспар оқу бағдарламасының құрамына енгізілген және ұзақ мерзімді жоспарда күтілетін нәтижелер оқу мақсаттары түрінде нақты көрсетілген. Күтілетін нәтижелердің (оқу мақсаттарының) тақырыптық мазмұнға сәйкес нақыталануы білім алушыларда пәндік білім мен дағдыларды нақты оқу материалы негізінде қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.

9,11-сыныптарда жыл соңында қорытынды аттестаттау жүргізіліп отырды.

Оқу жылы	Сыныбы	Оқушы саны	Пәні	«5»	«4»	«3»	«2»	%
2021-2022	9	4	Орыс тілі	2	1	1	-	75
		4	Қазақ тілі	2	1	1	-	75
		4	алгебра	2	1	1	-	75
		4	биология	2	1	1	-	75
	11	4	Қазақ тілі	2	1	1	-	75
		4	Орыс тілі	2	1	1	-	75
		4	Алгебра	2	1	1	-	75
		4	Қазақстан тарихы	2	1	1	-	75
2022-2023	9	7	Қазақ тілі	1	2	4	-	43
		7	Орыс тілі мен әдебиеті	1	3	3	-	57
		7	биология	1	2	4	-	43
		7	алгебра	1	2	4	-	43

Ұсыныс:

1. Жыл бойы 11- сынып оқушыларымен ата-анасымен, сынып жетекшісімен тығыз жұмыс жүргізу.

2. Әр сынақ сайын жұмыстар жан-жақты талданып, қосымша сабақтардың өз деңгейінде өтуі,
3. Үлгерімі төмен, қабілеті жоғары оқушылармен жұмысты нақты жүргізу,
5. Оқушыларға психологиялық көмек көрсету.

2) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру және формативті және жиынтық бағалау талаптарын сақтау;

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау формативті және жиынтық бағалау нысанында жүзеге асырылды. Бағалау нақты бөлім/ортақ тақырып бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін қадағалау негізінде әрбір оқу пәні бойынша оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттары жүйесіне сәйкес жүзеге асырылды. Білім алушылардың білімнің міндетті төменгі шекті көлемі мен олардың шеберлігі мен дағдылары қамтылған оқу пәндерінің базалық деңгейін меңгеруін анықтайтын жаңартылған бағдарламамен оқитын барлық сыныптарда бөлім бойынша жиынтық бағалаулар және тоқсандық жиынтық бағалаулар жүргізілгендігін растайтын материалдар бар, жинақталған.

Тексеру кезінде бөлім, тоқсандық бойынша жиынтық бағалау алынып, тексеріліп, электронды журналға баллдары қойылған. Бағалау критерийі мен бөлім бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрикаторлармен ата-аналардың танысқандығы жөнінде қолдары қойылған. Модерация хаттамалары жинақ папкаларында жасақталған. Мұғалімдердің БЖБ, ТЖБ өткізу жоспары құрылған. Мектеп директорымен бекітілген модерация отырысының мүшелер тізімі жасалған.

2021-2024 оқу жылдары 1-11 сыныптар жаңартылған бағдарламамен білім алуда.

Тоқсандық және бөлім бойынша жиынтық бағалаудағы баллдарды қою критерийі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес. Мұғалімдерінің жоспарлары жасалып, сол жоспар бойынша бөлім бойынша, тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмыстары жүргізілді.

Мектепте ағымдық бағалаудың, тоқсандық және жылдық бағалардың бар болуы «Kundelik.kz» электронды журналы арқылы зерделенді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының (Білім және ғылым министрінің 21.10.2020 № 453) 3-тарау 12 тармағы «Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау формативтік және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылады», 13-тармағы «Формативтік бағалау білім алушылардың оқыту мақсатына жету мониторингін жүргізу және орындалған үй жұмысы мен педагогтің жазбаша түрдегі (дәптерге немесе күнделікке) немесе ауызша ұсынымдамаларының қорытындысын ескере отырып сараланған жұмыстарды одан әрі теңестіру үшін жүргізіледі» делінген.

1-сынып оқушыларының оқу жетістіктері "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы № 373 бұйрығының 14 –тармағына сәйкес бағаланған жоқ.

Күнделік электронды журналы тексеріліп, кемшіліктер анықталып, орындалды.

Зерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушыларды бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес оқыту кезінде инклюзивті білім беру талаптарын орындау(дамудың бұзылуын және әлеуметтік бейімделуді түзету);

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылы жағдайы бойынша инклюзивті білім беру бойынша білім алатын оқушы жоқ.

4) 4, 9 – сынып оқушыларының тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандарттының талаптарында көзделген білім берудің күтілетін нәтижелерін және білім беретін оқу бағдармаларын игерудің жетістіктерін айқындау бойынша оқыту нәтижелерін бағалау

Оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау жүргізілген. Білім алушылармен күтілетін нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау бағытында білім беру деңгейлерін бітіруші 4, 9 – сынып оқушыларынан тестілеу кесінділері алынды. Материалдарды зерделеу барысында 4 – сыныпта 70,6 пайыз, 9 – сыныпта 49 пайыз көрсетіп отыр. Тесттілік бақылауға оқыту нәтижелерін бағалауға жататын барлық тиісті бір білім деңгейі бойынша контингенттің тізімдік құрамынан білім алушылардың қатысуы 59,8 пайызды құрады. Контингенттің тізімдік құрамынан 1 білім алушы тестке қатыспады, Денсаулығына байланысты анықтамасы бар, қоса жалғанды.

VIII. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ЖӘНЕ БАСҚА РЕСПОНДЕНТТЕРДІҢ САУАЛНАМАСЫ

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығының 2- тарау 8-тармағы негізінде 2023 жылдың 27 қыркүйек күні білім беру процесіне қатысушылардан телеграмм мессенджері арқылы білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған нысан бойынша көрсетілетін білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау үшін сауалнама алынып төмендегі нәтижелерді көрсетті:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығының 2-қосымшасында талап етілгендей бастауыш, негізгі орта жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын 4, 9-сыныптарға сабақ беретін 13 педагог тізім бойынша 100% қатысып, 97% көрсетілетін білім беру қызметтерінің деңгейіне қанағаттанғандығын және олардың ата-аналарының (заңды өкілдеріне) 19 –ы қатысып 97%, білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанғандығын көрсетіп, 5 балға сәйкес деп бағаланды.

9 - сынып білім алушылармен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	сұрақтар	толық келісемін	келісемін	келіспеймін	толық келіспеймін
1	Мен өз мектебімде оқуға қызығамын	2	6	0	0
2	Менің сүйікті мұғалімдерім бар	1	7	0	0
3	Біздің мектеп мұғалімдеріне қиын жағдайда кеңес пен көмек сұрауға болады	3	5	0	0
4	Сабақта Мен әрқашан өз пікірімді еркін айта аламын	2	6	0	0
5	Сабақта мұғалім менің мінез-құлқымды емес, менің білімімді бағалайды	0	8	0	0
6	Мен мектепте жиі Шаршаймын	1	1	5	1

7	Менің мектебімде дербес және жиынтық жұмыстардың саны бір күнде екіден көп	0	1	7	0
8	Мен мектепте өзімді қауіпсіз сезінемін, психологиялық тұрғыдан ыңғайлы	2	6	0	0
9	Мен тамақтану сапасына қанағаттанамын	0	3	5	0
10	Мен өз құқығымды білемін	1	7	0	0
11	Мен келесі үйірмелерге, секцияларға, ансамбльдерге барамын	0	5	3	0
12	Менде мектеп істеріне қатысуға деген ұмтылыс пен қажеттілік бар	0	7	1	0
13	Менің мектебімде ол үшін пайдалы және маңызды нәрсе жасаған кезде менің жетістіктерім байқалады	5	2	0	1
14	Мен өз мектебімді жақсы көремін және онда оқығанымды мақтан тұтамын	1	7	0	0
15	Сізге не ұнамайды және нені түзеткіңіз келеді? (Бірнеше жауап нұсқаларын көрсетуге болады, сабақтар қызықсыз, мұғалімдердің әділетсіздігі, балалар арасында қорқыту, көптеген үй тапсырмасы, мектептердің материалдық жағдайы және т. б.)	4	4	0	0
16	Менің сүйікті заттарым бар (егер солай болса, қайсысы)	1	7	0	0
Барлығы:		19,5%	79%	16%	1,5%

№	Қатысқан оқушылар саны	Толық келісемін	Келісемін/ия	Келіспеймін/жоқ	Толық келіспеймін
1	8	19,5%	79%	16%	1,5%
98,5%					

4 - сынып білім алушылармен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	сұрақтар	Толық келісемін	Келісемін	келіспеймін	толық келіспеймін
1	Мен өз мектебімде оқуға қызығамын	5	6	0	0
2	Менің сүйікті мұғалімдерім бар	4	7	0	0
3	Біздің мектеп мұғалімдеріне қиын жағдайда кеңес пен көмек сұрауға болады	2	8	0	1
4	Сабақта Мен әрқашан өз пікірімді еркін айта аламын	3	7	0	1
5	Сабақта мұғалім менің мінез-құлқымды емес, менің білімімді бағалайды	1	9	0	1
6	Мен мектепте жиі Шаршаймын	1	3	5	2
7	Менің мектебімде дербес және жиынтық жұмыстардың саны бір күнде екіден көп	1	4	5	1
8	Мен мектепте өзімді қауіпсіз сезінемін, психологиялық тұрғыдан ыңғайлы	2	7	1	1
9	Мен тамақтану сапасына қанағаттанамын	6	5	0	0

10	Мен өз құқығымды білемін	4	6	0	1
11	Мен келесі үйірмелерге, секцияларға, ансамбльдерге барамын	1	8	2	0
12	Менде мектеп істеріне қатысуға деген ұмтылыс пен қажеттілік бар	1	10	0	0
13	Менің мектебімде ол үшін пайдалы және маңызды нәрсе жасаған кезде менің жетістіктерім байқалады	1	10	0	0
14	Мен өз мектебімді жақсы көремін және онда оқығанымды мақтан тұтамын	3	8	0	0
15	Сізге не ұнамайды және нені түзеткіңіз келеді? (Бірнеше жауап нұсқаларын көрсетуге болады, сабақтар қызықсыз, мұғалімдердің әділетсіздігі, балалар арасында қорқыту, көптеген үй тапсырмасы, мектептердің материалдық жағдайы және т. б.)	5	6	0	0
16	Менің сүйікті заттарым бар (егер солай болса, қайсысы)	4	7	0	0
Барлығы:		25%	63%	7%	4,5%

№	Қатысқан оқушылар саны	Толық келісемін	Келісемін/ия	Келіспеймін/жоқ	Толық келіспеймін
1	8	25%	63%	7%	4,5%
88%					

4-9 сынып ата-аналарымен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	сұрақтар	толық келісемін	келісемін	келіспеймін	толық келіспеймін
1	Менің балам мектепке қуана барады	11	8	0	0
2	Сыныпта қолайлы атмосфера бар	11	8	0	0
3	Мектеп сапалы білім береді	11	8	0	0
4	Оқу пәндері менің балама оңай беріледі	9	10	0	0
5	Мұғалімдер біздің баланың оқудағы жетістіктерін әділ бағалайды	11	8	0	0
6	Біздің баламыз оқу сабақтары мен үй тапсырмаларына шамадан тыс жүктелмейді	5	11	2	1
7	Мектепте қолданылатын оқытудың жаңа тәсілдері біздің баламыздың қабілеттерінің көрінісі мен дамуына жағдай жасайды	5	13	0	1
8	Мен баланың оқу жетістіктері мен мінез-құлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанамын	5	14	0	0
9	Мен мектептегі сабақтан тыс жұмыс бағдарламасына ризамын	6	12	1	0
10	Мен баламның сынып жетекшісінің жұмысына қанағаттанамын	11	7	1	0

11	Мектепте біздің баламыз үшін пайдалы және қызықты іс-шаралар өткізіледі	11	8	0	0
12	Мен мектеп асханасы\буфет жұмысымен қанағаттанамын	6	13	0	0
13	Педагогтар педагогикалық этика нормаларын сақтайды	5	14	0	0
14	Менің балам мектепте Қауіпсіз	10	9	0	0
15	Мектепте олар біздің баламыздың денсаулығына қамқорлық жасайды	4	15	0	0
16	Мен мектеп әкімшілігінің жұмысына қанағаттанамын	7	12	0	0
17	Мектеп өміріне қатысуға ниет бар	4	14	1	0
18	Егер сіз жауаптардың кез-келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектеп туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе мектепке ұсыныстар бергіңіз келсе, осында көрсетіңіз. Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз.	4	12	2	1
Барлығы:		40%	57%	2%	1%

№	Қатысқан ата-ана саны	Толық келісемін	Келісемін/ия	Келіспеймін/жоқ	Толық келіспеймін
1	19	40%	57%	2%	1%
97%					

«Сарысай орта мектебі» КММ-нің педагогтарымен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	сұрақтар	толық келісемін	келісемін	келіспеймін	толық келіспеймін
1	Мен осы мектепте жұмыс істегенімді мақтан тұтамын	8	5	0	0
2	Мен тиімді әдістемелік көмек аламын	3	10	0	0
3	Мен еңбек жағдайына қанағаттанамын	6	7	0	0
4	Мен мектеп әкімшілігінің жұмыс стиліне қанағаттанамын	7	6	0	0
5	Мектеп оқушылар арасындағы жанжалдарды тоқтатады және тиімді шешеді	8	5	0	0
6	Мен мектептің оқу-материалдық базасына қанағаттанамын	3	8	0	0
7	Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал бар	4	8	0	0
8	Мен мектептегі тамақтану сапасына қанағаттанамын	5	8	0	0
9	Әріптестер маған көмектесуге әрқашан дайын	7	6	0	0
10	Оқу сабақтарын сәтті өткізу үшін мектеп барлық қажетті оқу-әдістемелік және техникалық құралдарды ұсынды	7	4	0	0
11	Мектепте менің кәсіби және шығармашылық өсуім үшін жағдай жасалған	5	8	0	0
12	Мектепте педагогтарды көтермелеу әдістері белгіленген	5	8	0	0
13	Мен жұмыс істейтін балалар білімге ұмтылады	5	8	0	0

14	Мен оқушылармен қарым-қатынасыма қанағаттанамын	6	7	0	0
15	Мен сынып жетекшісі ретіндегі жұмысыма қанағаттанамын ба?	5	8	0	0
16	Егер сіз жауаптардың кез-келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектеп туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе мектепке ұсыныстар бергіңіз келсе, осында көрсетіңіз. Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз.	4	9	0	0
Барлығы:		42%	55%	0%	0%

№	Қатысқан педагогтер саны	Толық келісемін	Келісемін/ия	Келіспеймін/жоқ	Толық келіспеймін
1	13	42 %	55 %	0 %	0 %
		97 %			

IX. КЕМШІЛІКТЕР МЕН ЕСКЕРТУЛЕР, ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

1. Пән мұғалімдері мен сынып жетекшілерінің іс-тәжірибе алмасу, озық тәжірибелерді енгізу, ғылыми тұрғыдан дамыту бағыты бойынша тәжірибелерін аудан, облыс, республика көлемінде тарату;
 2. Оқыту барырысында кейбір пәндерден оқушылар жетістігін қалыптастырушы бағалау арқылы толықтыру;
 3. Өнер, қолөнер, бейнелеу өнері саласында дарынды оқушылармен жұмысты нығайту, яғни: аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық олимпиадалаға, ғылыми жарыстарға оқушыларды сапалы дайындау, оқушылардың жұмысын республикалық, халықаралық деңгейге жеткізу;
 4. Ұлттық құндылықтар мен отбасы құндылықтары негізінде мектеп, отбасы және қоғам арасында үйлесімділік қарым-қатынасты жетілдіру жұмыстарын ұйымдастыруды қамтамасыз ету;
 5. Үйірмелердің жұмысының сапалы өтілуіне жағдай жасау;
 6. Тәрбие жұмысын іске асыру бойынша төмендегідей кемшіліктер анықталды:
 7. өткізілген сынып сағаттар, сыныптан тыс шараларға ауыл ақсақалдары мен әжелер ұйымының ықпалының төмендігі;
- оқу мен тәрбие процесінің байланысының аздығы;
 - ата-аналар жиналыстарының бірыңғай форматта өтілуі;
8. Мектепте «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсы бойынша кемшіліктер анықталды:
- оқушылардың жол-көлік жарақатының алдын алу бойынша мектеп ұжымының ата-аналармен, жол полициясы қызметтерімен, қоғамдық ұйымдармен ынтымақтастық және өзара іс-қимыл нысандарының аздығы
9. Бейінді оқыту бойынша төмендегідей кемшіліктер анықталды: оқушылардың қызығушылығы ата-анасымен үйлеспеуі, оқушылардың мектеп бітіргеннен кейін нақты оқу орнынан түсуге бағдарларының әр түрлі болуы; оқушылардың қабілеті мен қызығушылығын ескермей, оларды біржақты дайындауы;
 10. Дарынды балаларды белгілі бір салаға бейімдеп дайындау жоспарының болмауы;
 11. Қорытынды аттестаттау немесе мемлекеттік бітіру емтихандары қорытынды педагогикалық кеңесте қаралуы, кеткен кемшіліктерді түзету жұмыстары алдағы оқу жылы жоспарына енгізіліп, 2023-2024 оқу жылы мектепшілік бақылауына қойылды
 12. қабілеті жоғары және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыстың өз мәнінде жүрмеуі;

Х. ҚОРЫТЫНДЫ МЕН ҰСЫНЫСТАР

Қорыта келгенде, мектептің оқу тәрбие жұмысына талдау жасай отырып, нақты жіберген кемшіліктеріміз бен олқылықтарымызды айқын біліп отырдық. Алдағы жұмыстық жоспарларымызды нақтыладық.

Тәрбие үдерісінде орын алып жатқан проблемалардың себебін анықтадық. Жобалар шеңберіндегі іс-шаралардың сәтті шарттарының бірі – сынып жетекшісінің барлық жүзеге асырылатын шаралардың маңыздылығын түсінуі, тәрбие беру процесі шеңберіндегі іс-әрекеттің өзін-өзі талдай алуы. Тәрбие жұмысының нәтижелерін бағалау кезінде үш деңгейді ескеру қажет. Бірінші деңгей – оқушының әлеуметтік білім алуы мен күнделікті өмірде әлеуметтік шынайылықты түсінуі. Екінші деңгей – оқушының өмірлік тәжірибе мен қоғамның негізгі құндылықтарына (адам, отбасы, Отан, табиғат, әлем, білім, еңбек, мәдениет) оң көзқарасы, жалпы әлеуметтік шынайылықты құндылық ретінде қабылдауы. Үшінші деңгей – оқушының әлеуметтік іс-әрекет тәжірибесіне өз бетінше ие болуы. Тәрбие жұмысы бойынша жұмыстар қанағаттанарлық деп есептеймін. Төмендегідей ұсыныстар ұсынамыз:

1. НЗМ жобалары мен әлеуметтік тәжірибелерін одан әрі дамыту;
2. Ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды дамытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру арқылы оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруды күшейту;
3. Тәрбие жұмысының нәтижелерін бағалау кезінде үш деңгейді ескеру қажет;
4. Мектепшілік пен сыныпаралық іс шараларға ата-аналарды қызықтыра отырып, тарту, бірлесе жұмыс жасау арқылы ата-ана, мектеп, білім алушы арасындағы ынтымақтастықты нығайту;

5. «Жас Ұлан» ұйымының іс шараларын ұйымдастыруда есімі аталмайтын, еленбейтін балаларды араластыру деңгейін көтеру, сыныптар арасында білім сайыстарын жиі өткізу;

Үйірме сабақтары, сондай-ақ сабақтар шеңберіндегі оқу іс-әрекеттері негізгі білім беру бағдарламасын игеру нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған. Үйірме сабақтарының ерекшелігі – оның көмегімен оқушылар белгілі бір білімді игеріп қана қоймай, адамдармен және ақпаратпен қалай әрекет етуді, ойлауды, өзара әрекеттесуді үйренеді. Үйірме жұмыстарының жүргізілуі қанағаттанарлық деңгейде ұйымдастырылды.

1. Үйірме жетекшілері оқушылардың қызығушылықтары мен бейімділіктерін ескере отырып, нәтижелі, шығармашылықпен жұмыс істеуге баулу;
2. Үйірме тақырыптарын таңдауда оқушы қызығушылықтарын, мектептің мүмкіндіктері мен қоғам қажеттіліктері ескерілсін;
3. Сабақтан тыс жұмысты ұйымдастыру барысында оқушылардың білімін, іскерлігін, дағдысын кеңейту үшін мақсатты бағыттағы сабақтар ұйымдастырылсын;

Мектепте «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсы бойынша 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылындағы қыркүйек айларында жол көлік жарақаты тіркелген жоқ. Жолда жүру бойынша ұсыныстар:

1. Жолда жүруде оқушылардың қауіпсіздікте болатын қауіпсіз және дұрыс іс - әрекетін ұйымдастыру;
2. Мектепшілік «Жас инспекторлар» жұмысын дұрыс деңгейде ұйымдастыру;
3. Аудандық жол полиция қызметкерлерімен, қоғамдық ұйымдармен ынтымақтастық құру және іс-қимыл нысандарын дамыту;
4. Қауіпсіздік ережелерін оқыту бойынша әртүрлі формалар мен әдістерді пайдалану арқылы оқушы бойында қажетті дағдыларын қалыптастыру;

Бағдарлы оқытуды ұйымдастыру жұмыстары: оқушы, ата-ана, психолог, сынып жетекшісі мен курс жетекшісінің бірлескен жұмыстары арқылы да іске асырылды. Қорыта айтқанда, бағдарлы оқытуды енгізуге ұйымдастыру деңгейлерінде жүзеге асырылатын барлық өзгерістер оқушының жеке тұлғасын олардың талап – тілектері мен танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес жан – жақты дамыту үшін жағдай жасауға бағытталуы тиіс. Бағдарлы оқыту жұмысы қанағаттанарлық деңгейде.

баланың қабілетіне қарай, анықтауға бағытталған танымдық және кәсіби қызметтің әртүрлі салаларына оқушылардың қызығушылығын, икемін, қабілетін анықтау;

оқушыларға өмірлік, әлеуметтік құндылықтар жөнінде психологиялық-педагогикалық көмек көрсету;

жеке тұлғаның сұраныстары мен мүмкіндіктеріне және нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін қалыптастыру;

Курстардан өтпеген жас мамандарды біліктілікті арттыру курстарынан өтуге аудандық білім бөліміне ұсыныс жасау;

Дарынды балаларды анықтауда бейімдігін анықтап сол бойынша бала қабілетін дамытатын жоспарларды дайындау іске асыру;

Қорытынды атестаттау немесе мемлекеттік бітіру емтихандары қанағаттанарлық деңгейде.

1. жыл бойы 9, 11 сынып оқушыларымен ата-анасымен, сынып жетекшісімен тығыз жұмыс жүргізу.

2. үлгерімі төмен, қабілеті жоғары оқушылармен жұмысты нақты жүргізу.

3. оқушыларға психологиялық көмек көрсету сияқты ұсыныстар жасалды.

4. пән мұғалімдері білім сапасын көтеру мақсатында қосымша сабақтарды жаңа формада, әдістерін өзгертіп өткізу қажет.

Қорыта келгенде мектебіміздің оқу тәрбие жұмыстарына оң баға береміз.

Комиссия құрамы:

Нурмуханов Н. С.

комиссия төрағасы

Аманбаева А. Е.

комиссия мүшесі

Акынтаева М. Б.

комиссия мүшесі

Адылова Г. С.

комиссия мүшесі

Дуйсенбаева Ж. Е.

комиссия мүшесі

Кульбаева Р. К.

комиссия мүшесі

